

Жарқайың
ауданының
апталық
қоғамдық - саяси
г а з е т і

ЖАРҚАЙЫҢ ЖАТТЫҒЫНЫ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 МАМЫРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ. № 34 (277) 24 ТАМЫЗ ЖҰМА, 2018 ЖЫЛ

30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы күні!

Құрметті

жарқайыңдықтар!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Азаматтығымыздың айшықты айғағы болған Ата Заң — Тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы. Бұл күн — халқымыз үшін аса кастерлі, ең ұлық мереке.

Жаңа мемлекетіміздің құқықтық негізін айқындаған Негізгі заңымыздың қабылданғанына биыл 23 жыл толып отыр.

Халықтың өзі дауыс беріп, қабылдаған Ата заңымыз өркениетті мемлекеттің барлығына тән демократиялық қағидалармен толық қамтылды. Конституция бірлігіміздің тұрақтылығын, мемлекеттік құрылыс пен еліміздің тұтастығын бекітіп берді.

Әрбір азаматтың өзін тең сезінуіне және құқықтарын сақтауына берік негіз болды. Жасампаз жана дәуірге кен жол ашты. Еліміздің жеткен жетісігі мен алған белесі осы тұғырлы Конституцияның арқасында мүмкін болды.

Ата заңымызға деген ерекше құрмет біздің сеніміміз бен күшіміздің қайнар көзі. Бірлігі жарасқан қазақ елі аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасыған күшті мемлекетке айналды.

Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Конституция Қазақ елінің өркендеуі мен өрлеуінің негізі» деген қанатты сөзі еріксіз еске түседі.

Қазақстан қазіргі таңда тарихи ерлер кезеңіне

Құрметті ұстаздар!

Тамыз кенесі – білім саласының өткенін талдап, келешегін айқындайтын алқалы жиын. Сондықтан, жаңа оқу жылына бастау беретін тамыз кенесінің орны бөлек.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап мемлекетімізде білім берудің жаңа инновациялық даму жүйесі қалыптасты.

Халықаралық стандарттарға сай білім беру – еліміздің негізгі капиталына айналды.

Тәуелсіздік жылдары елімізде жүздеген жаңа мектептер, мектепке дейінгі балалар мекемелері пайдалануға берілді.

Осының барлығын ел ертені, ұлт болашағы – жастардың білімді болып өсуіне жасалып отырған айрықша қамқорлық деп түсіну керек.

Ал, бүгінде мемлекеттің даму саясатының ең өзекті тұсы – жастардың сапалы біліммен қатар саналы тәрбие алуына бағытталып отыр.

Өйткені, терең білімді, жан-жақты тәрбиелі ұрпақ – ертеңгі маман, болашақ мемлекет иесі.

Міне сондықтан, ұрпақ тағдыры, оның болашағы – бізге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Осы міндеттер мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың соңғы Жолдауында айқын көрініс тапты.

Елбасы «жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет» деп арнайы тоқталды.

Бұл – маңызы жоғары, талабы биік ортақ міндет.

Құрметті әріптестер!

Жарқайың тынысы

Архивтік анықтаманы қалай алуға болады?

Қала күніне арналған іс-шаралар

Әрбір адамның өмірінде бірнеше немесе ондаған жылдар бұрын болған маңызды оқиғалар туралы ақпараттарды қалпына келтіру қажеттілігі тууы мүмкін. Қажетті мәліметтерді анықтайтын құжаттар қолда болмаса, не істеу керек? Ондай жағдайда мәліметтерді ресми дереккөзден алудың жалғыз жолы архивке өтініш жасау болып табылады.

Азаматтардың және ұйымдардың өтініштерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінде қарау тәртібі, қазіргі уақытта, «Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік қызметтер Стандартымен анықталған.

Архивтерге, соның ішінде Жарқайың ауданының мемлекеттік архивіне өтініш білдірушілер міндетті түрде нені білулері қажет?

Сұраным түрлері:

Өзінің сипатына байланысты сұранымдар:

тақырыптық – белгілі бір тақырып, проблема, оқиға және зерттеуге арналған факт жөнінде ақпараттарды ұсыну туралы сұранымдар;

генеалогиялық – туыскандық, екі немесе оданда көп тұлғалардың туыскандық байланыстарын, отбасы тарихын, туған-туыскандарын анықтау үшін құжаттық ақпараттарды талап етуді білдіретін сұранымдар;

әлеуметтік-құқықтық – нақты тұлға немесе ұйымның, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты сұранымдар болып бөлінеді.

Қызметтерді көрсетуден бас тарту төмендегі себептерге байланысты:

өтініш берушінің толық құжаттар пакетін ұсынбауына немесе сенімді емес мәліметтері бар құжаттарды ұсынуына;

өтініште сұранымды орындау үшін қажетті мәліметтердің болмауына байланысты болуы мүмкін.

Қызмет көрсету бойынша шағымдар

Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасына қатысты шағымдар болған жағдайда, шағым Жарқайың ауданының архивінің директорына немесе Ақмола облысының архивтер мен құжаттамалар басқармасының басшысына беріледі. Шағымдар жазбаша түрде пошта арқылы немесе Жарқайың ауданының архиві директорының немесе мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасы басшысына жеке қабылдауында қабылданады.

Азаматтарға арналған үкіметі арқылы көрсетілген қызметтердің сапасы бойынша шағымдар осы орталық басшысының атына беріледі.

Шағымдар Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-ІІІ «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңында белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қаралады. Жауап өтініш авторы көрсеткен мекенжайға жолданады.

Мекенжайлары

Жарқайың ауданының мемлекеттік архиві
021100 Ақмола облысы Жарқайың ауданы Державин қаласы Мәлік
Габдуллин көшесі, 102, тұрғын емес бөлімі, 3а

Тел./факс 8(71648) 9-10-07, 9-14-45

Электронды пошта мекенжайы: Arhiv_zharkain@akmo.kz

Жұмыс кестесі

«Архивтік анықтамаларды беру» қызметін көрсету үшін құжаттарды қабылдау демалыс және мереке күндерін қоспағанда күн сайын сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін жүзеге асырылады. Қабылдау алдын-ала жазылуынсыз кезек тәртібінде және жеделдетілген қызмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.

«Архивтік анықтамаларды беру» қызметін ұсыну туралы қосымша ақпараттарды Ақмола облысының архивтер мен құжаттамалар басқармасының (archive.akmo.gov.kz) және Жарқайың ауданының мемлекеттік архиві (zharkain-archive.akmo.gov.kz) сайттарынан алуға болады.

Мемлекеттік архив директоры О. Кошкина.

Өрт қауіпті кезеңі

17 тамыз күні мәдениет үйінің жанындағы би алаңында «Город посвящая» атты ретро фестиваль өтті. Фестиваль қызметкерлері қатысушыларды жас кезіне жеткізіп



келетін шағы болатын. Қазақ вальсінің королі Шәмсі Дүйсекеев, Сейдолла Бәйтерекөв, Әсет Бейсеуов, Ірина Жұлдызды шағы болатын, Көбіміз Дос-Мұқасан, Ялла, Битлз, Самоцветы, Гүлде, Экран бетінен күнделікті үздіксіз берілетін көрсетілім еріксіз бұрғызатын ерекше бейне – тележүргізуші бейнесіз көріністерге бағыттап, аудиторияны сан мың

